



# Төлеген Жәкітайұлы



*Спорт саңлақтары*



*Жақсылық*









---

*Спорт саңлақтары*

---

**Төлеген Жәкітайұлы**

# *Жақсылық*

*(Сұхбат-хикаят)*

«Ер-Дәулет»  
Астана – 2006

796.8(574)

ББК 75. 715

Ж 37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАФАТ КОМИТЕТІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Төлеген Жәкітайұлы

ЖЗ7 Жақсылық. *Сұхбат-хикаят*. – Астана: Ер-Дәулет, 2006. –  
176 бет + 32 бет жапсырма.

ISBN 9965-436-28-2

Грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, әлем чемпионы және КСРО чемпионатының екі дүркін жеңімпазы, Әлем кубогінің иегері, Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері Жақсылық Үшкемпіров жайындағы бұл сұхбат-хикаятта даңқты балуанның жеңісті жолы жан-жақты әңгімеленеді. Кітаптың тілі шұрайлы, оқиғасы тартымды.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Ж 4201000000  
00(07)-06

ББК 75. 715

ISBN 9965-436-28-2

© Т.Жәкітайұлы, 2006.  
© «Ер-Дәулет», 2006.



Жақсылық Чыкелпіров 1975 жылы КСРО халықтарының жазғы спартакнадасында чемпион атанды. Екі дүркін КСРО чемпионатында топ жарды (1975 жылы және 1980 жылы), алты рет жүлдегер атанды. Бүкілодақтық ауыл спортшылары біріншілігінің алтын тұғырына түтінін үзбестен қатарынан тоғыз жыл табан тіреді. Яғни, тоғыз дүркін чемпион! Қазақстан чемпионатын алғашқы рет жеңіп алды.

1980 жылғы Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері. Мәскеу Олимпиадасының чемпионы! Қазақ қазақ балзаны Олимпиада ауына үкілеп балуан қосыл, тұңғыш «алтынға» қол жеткізді.

Жақсылық Чыкелпіров грек-рим күресінде ұлтының қолын «алтынға» жеткізіп, мәртебесін теңіздей тасытқан. Олимпиада жекпе-жекінде алжа салған тұңғыш қазақ. Ле-шала (1981ж.) әлем чемпионы атағын қанжығасына байлады. Одан соң Әлем кубогінің иегері атанды (1982 ж.).





## НАР ЖОЛЫНДА ЖҮК ҚАЛМАС

Жақсылық Үшкөмпіров боз кілемде жасындай жарқыраған жылдары қалың жанкүйер жанкешті ұлы жеткен жеңісінің санынан жаңылатын. Жақаң он бес жыл аса жеңіл салмақта (48 келі) алты алаштың көз қуанышы болды. Ел намысын қолдан бермей, қазақтың қайсар мінезін танытты. Алдымен бүтін Кеңес Одағының балуандарын сыпыра ұтты. Атағынан ат үркетін қарсыластары қандай еді?

В.Савчук, В.Чавка, Ф.Құрбанов, А.Вайнберг, В.Нецветаев, В.Аникин, А.Бозин, А.Шумаков! Аса жеңіл салмақтағы бұл балуандар есіміне сол кезде әлем жанкүйерлері қанық.

Өзгесін былай қойғанда, В.Аникин – кезінде «кіші әлем чемпионаты» деп аталған И.Поддубный атындағы халықаралық турнир жеңімпазы, үш дүркін КСРО чемпионы! Еуропа чемпионы.

А.Бозин – Еуропа чемпионатының бір қола (1979 ж), екі мәрте күміс жүлдегері (1977, 1978 ж.ж) атанған. Одақта сан мәрте олжа салған саңлақ.

А.Шумаков – 1976 жылғы Монреаль Олимпиадасының чемпионы, Еуропа чемпионы (1976 ж),



әлем чемпионы (1977 ж), КСРО халықтары спартакиадасының чемпионы (1979 ж). Әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері (1978-1979 ж ж). Екеуінде де ақтық сында әйгілі румын балуаны Константин Александрудан ұтылған.

Енді өзіңіз салмақтап қараңыз. Кілең атағынан ат үркетін қарсыластар еді деп отырғанымыздың сыры осы. Бұл саңлақтарға сол кезде Кеңес Одағына қараған 15 республика мен Мәскеу, Ленинград қалаларының балуандарын қосыңыз. Он бес республика дегеніңіз – қазір бір-бір жеке мемлекет. Сол тұстағы Кеңес Одағының құрамасы дүние жүзінде командалық бас бәйгені ешкімге бермейтін. Бұл дегеніңіз, одақта күрестің даму деңгейі өте күшті болды деген сөз. Міне, Жақсылық Үшкөмпіровтің алдында алынбас қамалдай болып, осындай «сен тұр, мен атайын» балуандар самсап тұрған. Жақаң жылдар өте сол қалың қолдай самсаған кіл мықтыны шетінен жеңіп шықты.

Жеңіп шықты деу, айтар ауызға ғана оңай. «Тас түскен жеріне ауыр». Болмаса, өз салмағында КСРО құрамасында бірінші орынды талассыз иемдену үшін жұмсалған қажыр-қайратты, төгілген терді, белуардан кешкен бейнетті Жақаңның өзі ғана білер. Бір жыл, екі жыл емес, табаны күректей он бес жыл тек бір салмақта ғана күресудің қиындығын боз кілемде бақ сынағандар жан-тәнімен сезінеді. Оған екінің бірінің төзімі жетпейді. Ішкісі келгенді іше алмай, жегісі келгенді аузына сала алмай, емін-еркін жүре алмай, күрестен өзге тірлікке мойын бұра алмай он бес жыл

төзуге тек Жақаң сынды, жігіттің сойы ғана шыдайды.

Рас, қолдан жасалған сан қилы кедергі, әділетсіздік қайта-қайта жолын бөгей берген кезде шет жерде, жат жұртта жалғыз жүріп жабыққан, қамыққан шақтары да болғаны анық. Бірақ, «азамат ердің баласы, жабыққанын білдірмес, жамандар мазақ қылар деп». Іштен тынып, талай сорақылықты көзбен көріп, жүйкесі жүндей түтілсе де бәріне шыдады. Қайысқан жоқ, бүгілмеді. Өйткені ол «жарға біткен жантақты, жаннан безген нар жейтінін» тым жақсы білетін. Өзінің текті атаның ұлы екенін, тепсінісіп келгенде, дулығалы бас кескен алдаспаннан өткір қолы бар батыр халықтың ұрпағы екенін дәлелдеуге тиіс еді. Дәлелдеп шықты-ау, ақыры!

Енді Жақаңның сол боз кілемдегі жарқын жолына үңіліп көрелікші. Төрт жылда бір рет өтетін КСРО халықтарының жазғы спартакиадасында үш мәрте бақ сынаған. Алғашқыда жүлдегер, ал 1975 жылы чемпион атанды. «Кіші әлем чемпионаты» деген аты шартарапқа мәшһүр И.Поддубный атындағы халықаралық турнир кілемінде сегіз рет белдескен. Нәтижесінде, төрт рет төртінші орын, бір күміс, екі қола және 1981 жылы алтын медальді кеудесінде жарқыратты. Екі дүркін КСРО чемпионатында топ жарды (1975 жылы және 1980 жылы), алты рет жүлдегер атанды. Бүкілодақтық ауыл спортшылары біріншілігінің алтын тұғырына түтінін үзбестен қатарынан тоғыз жыл табан тіреді. Яғни, то-

ғыз дүркін чемпион! Қазақстан чемпионатын әлденеше рет жеңіп алды.

1980 жылғы Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері. Мәскеу Олимпиадасының чемпионы! Қазақ қазақ болғалы Олимпиада дуына үкілеп балуан қосып, тұңғыш «алтынға» қол жеткізді. Жақсылық Үшкемпіров грек-рим күресінде ұлтының қолын «алтынға» жеткізіп, мәртебесін теңіздей тасытқан, Олимпиада жекпе-жегінде олжа салған тұңғыш қазақ. Іле-шала (1981ж.) әлем чемпионы атағын қанжығасына байлады. Одан соң әлем Кубогінің иегері атанды (1982 ж).

Міне, бұл Жақсылық Үшкемпіров жеткен жетістік. Нар жолында жүк қалмас деген осы. Әрине, түгел емес, шоқтығы биік соқталысына ғана тоқталдық. Сонда да санынан жаңылмадық деңізші.

Ал, енді Жақаң әлемдік додаларда кімдердің жауырынын жер иіскетті? Жоғарғыдағы түйінді сөзіміздің дәлелі ретінде оны да зерделей айтып өткен жөн шығар.

Болгар Павел Христов – өз елінің бірнеше дүркін чемпионы, Еуропаның күміс, әлемнің қола жүлдегері. Жақаң Чехославакияда (1979 ж) бұл Павел Христовты келістіріп тұрып жеңген.

Поляк Роман Керпач – 1977 жыл мен 1980 жыл арасында әйгілі румын балуаны Константин Александрмен ғана үзеңгі қағысып, итжығыс түсіп жүрген жырынды еді. 1980 жылы Р.Керпачқа Жақаң Еуропа чемпионатында бармағын қайырып алып, есе жіберген еді. Өзге атақ-даңқын санамағанда Р.Керпач 1980 жылғы Еуропа чемпионы. 1977-1980 жылдар аралығында әлемдік

сараптама бойынша 48 келі салмақтағы ең үздік балуанның бірі ретінде танылды.

Ал, К.Александрудың екпіні сол тұста мүлде сұмдық еді. Қараңыз, 1974-1975 және 1977-78-79 жылғы бес дүркін Еуропа чемпионы! Мықтыны мықты деу керек. 48 келіде мұндай атақ әлем бойынша тек осы румын балуанында ғана бар. 1978-79 жылдарда екі дүркін әлем чемпионы атанды. Екеуінде де «алтынды» Кеңестің 48 келідегі бас балуаны Алексей Шумаковтың қолынан тартып әкеткен. Екі рет Шумаков күміс алады. Ал, үшінші жүлде иесі – Р.Керпач.

1977 жылғы Бүкілдүниежүзілік универсиада кілемінде А.Бозиннің жауырынын жер иіскеткен Константин Александрү бүтін КСРО-дан румын елінің иығын оздырды. Кеңестің күрес мамандары үш жыл қатарынан К.Александрүді жеңбек тұрғай, онымен тең түсер орыс ұлын таба алмады.

Кезекті халықаралық турнирде КСРО балуаны В.Хатуновтың жолын тағы да К.Александрү кесті. Бұл жолы екінші орында В.Хатунов тұрды. Үшінші орында әйгілі Роман Керпач.

Жұмыр жер көз тіккен келесі сында К.Александрү және тұғыр төріне табан тіреді. Екінші орын Р.Керпачқа, үшінші орын жапон балуаны Сасакиге бұйырды. Кеңес балуаны құралақан қайтты.

1979 жылғы Еуропа чемпионатының алтын жүлдесін К.Александрү «ойнап жүріп» алды. Күмісті болгар П.Христов, қоланы Кеңес Одағының намысын қорғаған А.Бозин еншіледі.

Болгарияда сол жылы өткен «Никола Петров» атындағы халықаралық турнир «алтыны» тағы да К.Александрудың қанжығасында кетті. Екінші, үшінші орынды болгарлықтар бөлісіп, кеңестіктер мүлде жүлдесіз қалды.

Мұның бәрін жіпке тізгендей неге айтып отырмыз. Әсіресе, К.Александруга көп тоқталдық! Себебі, румын балуаны сол кезеңде өз салмағы бойынша бес құрылықта ешкімге дес бермей, жеке-дара тұр еді. Жоғарыда есімі аталған дардан басқа швед Кен Андерсон, венгриялық Ференц Шереш, түрік С.Бор, фин Рейе Хапаранта, мексикалық Альфредо Ольвера сынды балуандар да небір дүбірлі додаларда топ жарып жүрді. Бірақ, ешқайсысы Константин Александрудың жауырынын жерге тигізе алмады.

Кеңестің А.Шумаков, А.Бозин, В.Нецветаев, В.Хатунов сынды ең атақты балуандары румын ұлымен кезек-кезек белдесті. Жеңген бірі жоқ. Байқаған боларсыздар, К.Александру Мәскеу Олимпиадасы алдында өзі қатысқан тоғыз бірдей ірі бәсекеде ешкімге дес бермеген. Еуропа, әлем чемпионатымен қоса қатарынан тоғыз додада топ жарады. К.Александру нағыз «бәйгемді шаппай бер» дейтін хас жүйрік еді. Күрестің есепшотын қаққандар сол тұста Мәскеу Олимпиадасының 48 келі салмақта сарапқа салынар «алтынын» К.Александрудың қанжығасына алдын ала байлап қойған.

Міне, осы қос білегінен күш саулаған, азуын айға білеген, әлем бойынша бірінші рейтингтегі Константин Александрудың ең алғаш бетін қайтарған, тастай жігерін құм өткен қазақ ұлы болды.

1979 жылы К.Александрү Алматыға, Сұлтан Баймағанбетов атындағы турнирге арнайы шақырылған. Бұл да әйгілі турнир. К.Александрү алыстан ат арытып келуі де тегін емес. Міне, осы турнирде Жақсылық Үшкемпіров шашасына шаң жұқпай тұрған румын балуанын ұпай санымен ұтып алған. Жеңілмейді деп жүрген К.Александрүды да жеңуге болатынын Жақаң солай дәлелдеген еді. Өзгелер Константин төрттағанға тұрғанда оның бауырын кілемнен ажырата алмай әлек болатын. Ал, Үшкемпіров сол жолы румынның кіндігін кілемге тигізбеді. Оңға да, солға да, шыркөбелек айналдырып, айқын басымдылықпен жеңген. Сөйтіп, «неше жыл бәрің жабылып ұта алмай жүрген Александрүларың осы ма? Егер осыдан екі-үш жыл бұрын әлем чемпионатына мені тым болмағанда бір рет жібергенде Константинді дәл осылай жығып берер едім ғой» дегендей, ертеңінде тұғыр төрінде Жақаң миығынан күліп, Александрүдың төбесінен қарағанды. Соңғы үш жыл ішінде алғаш рет Константин қаршығадай қағылез қазақтан айласы да, қайраты да кем соғып, еліне жеңімпаз емес, жүлдегер ғана болып қайтты. Ж.Үшкемпіров өзінің әйгілі румын балуанынан да басым екендігіне кеңес құрамасы бапкерлерінің көзін және бір жеткізген.

Ж.Үшкемпіровтің сонша көп жүлделері арасында әлемдік додалар бәйгелерінің санаулы ғана екендігін көзіқарақты оқырманның бірден байқағанына шүбә жоқ. Себебі, Ж.Үшкемпіровке келгенде құрама бапкерлерінің көзқарасы, мысалдап

айтқанда, өгей баласын қақпайлай беретін өгей әкенің көзқарасындай. Өздеріне салса оны Одақ көлемінен асырмаған қалпы «қартайтатын» еді. Бірақ, «өгей бала» өзінің шамырқанса жан шақ келтірмес шарболаттай шымырлығы арқасында әуелі Кеңес құрамасынан өз орнын ойып тұрып алды. Ешкімге дес бермеді. Өкінішке қарай, ол кез – ешкімге дес бермейтінді де көзге ілмеуге, ескермеуге болатын кез еді ғой. Сол себепті де, Ж.Үшкөмпіров КСРО құрамасына алынған жетпісінші жыл басынан бастап 1980 жылға дейін тұп-тура тоғыз жыл дүниежүзілік бәсекеде бақ сынауға жіберілмеді. Жо-жоқ, бұған қарап Ж.Үшкөмпіров сол тұста шет елге мүлде шықпаған екен деген ой тумаса керек. Керісінше Жақаңның төрткүл дүниеде топырағына табаны тимеген мемлекет сирек шығар. Чехословакия, Франция, Германия, Югославия, Дания, Австрия, Сирия, Норвегия, Румынияда белдескен. Бұлардың кейбіріне екі реттен барыпты. Болгария мен Польшаға үш қайтара, Венгрия мен Финляндияға төрт қайтара сапар шеккен. Ал, Швецияда бес мәрте бақ сынаған. Бәрінде де қазақ ұлының мерейі үстем болыпты.

Бірақ, қалай дегенмен де, мұның бәрі жиылып жыл сайын бар құрылық көз тіккен әлем чемпионатының, Еуропа чемпионатының, төрт жылда бір өтетін Олимпиаданың шеніне келмейді ғой. Жүлденің шоқтығы биік, соқталысы солар емес пе?! Егер Кеңес құрамасы бапкерлері әділдікті белден баспағанда Жақаң 1975 жылғы әлем чемпионатына да, 1976 жылғы Монреаль олимпиа-

дасына да даусыз баруға тиіс еді. Сол жылдары одақ көлемінде бұл балуан асқан белестер сөзіміздің айқын дәлелі. Бірақ, ол тұста ашық айтылмайтын «саясат» бойынша өзге ұлт өкілдерінен гөрі бапкерлердің бүйректері «өздеріне» көбірек бұрылатын. Ж.Үшкемпіров сол саясаттың зардабын тым көп тартқандардың бірі. Жиырма тоғыз жасқа жеткенше сонша жасалған көпе-көрнеу әділетсіздіктердің бірде біріне сыр білдірмеген балуанның алдында ертең өздерінің ұятқа қалатынын анық сезінгенде ғана бапкерлер оны 1980 жылы, дәл Олимпиада қарсаңында Еуропа чемпионатына тұңғыш рет жіберіпті. Не дегенмен де, қазақ балуаны бағының көп жыл қолдан байланғаны ащы да болса шындық.

Біздің ойымыз айтады: тап сол жолы бапкерлер ұяттан бұрын Кеңес құрама командасында атақты К.Александруды Алматыда сүріндірген қазақ ұлынан - Жақсылық Үшкемпіровтен өзге балуандары жоқ болған соң да амалсыз көнген шығар деп. Себебі, А.Бозин, А.Шумаков, В.Хатуновты жеңу Александруга бұйым болмай қалған. В.Аникин, В.Нецветаев Одақтың өзінде бір қалыпты күресе алмайды. Бұларға сену қиын. Темо Казарашвили тым жас болғандықтан, тәжірибесі аз. Ал, Жақсылық болса Александруды да, Керпачыңды да, Христовыңды да жайпап шығады. Сондықтан бапкерлер Үшкемпіровті Еуропа чемпионатына амалдың жоқтығынан жіберген.

Тарих дөңгелегінің ешқашан кері айналмайтыны, тарихты бұрмалап ешкімнің абырой таппай-



тыны бесенеден белгілі. Қазақтың біртуар ұлы бастан өткерген спорттағы бұралаң, бұлтағы көп талайлы жолы біле білгенге үлкен тарих. Қазақтың спорт тарихын айтқанда, Жақсылық Үшкемпіров есімінің ауызға алдымен ілінетіні де сондықтан. Біздің тілегіміз, Жақсылық ағамыздың боз кілемдегі жарқын жолын кейінгі балуандарымызға берсін. Алдағы Олимпиадаларда алтыннан олжа салар қазақтың бозым ұлы көп болғай!

Күні кеше Мәскеу олимпиадасының боз кілемінде әлемнің бар мықтысын қирата ұтқан қазақ балуанының айбаты мен қайратына сонда бүкіл дүние бас иді. Содан бері, жауырыны жер иіскемей спортпен хош айтысқан даңқты балуан жайлы аз жазылған жоқ. Барша қазақ спорт журналистерінің ұстазы Сейдаға, Сейдахмет Бердіқұлов пен оның шәкірті Несіп Жүнісбайұлының қаламынан жарық көрген туындылар қандай еді. Атақты балуан туралы хикаят, очерк, мақала, сұхбат, әңгіме оқырман назарына едел-жедел ұсынылды. Сонда да әйгілі спортшыны спортсүйер қауым білген үстіне біле түссем дейді.

Қалың қазақ Жақсылық Үшкемпіров есімі естілсе, үнемі елеңдеп тұрады. Сол сұраныстың олқы тұсын толтырмақ ниетпен Жақсылық ағамыз жайлы қалам тербеп көрмекке біз де талап қылған едік. Бұл туындының тұма басы төмендегідей жайттан жылға тартқанды.

... Көктемнің жаймашуақ күндерінің бірі. Қапшағайдың күре жолы бойындағы «Алматы» кеден бөлімі ғимаратында, Жақсылық ағаның жұмыс кеңсесінде әңгімелесіп отырмыз. Әйгілі

балуан бұл күнде бизнестің белді өкілі. Алматы кеден қызметі саласына да өз үлесін қосуда.

Алғашқыда жадырай күлген, жайбарақат күйдегі Жақсылық ағам келген шаруамды айта бастағанымда күрт салмақтанып, алдындағы қағаздарға тесіле қарап, ойланып қалды. Бөлмені демде үнсіздік жайлады. Маған Жақаңның өңі қуқыл тартып, сұрланғандай көрінді. Ашық қабақ түйіле түсіп жазылды.

– Мен туралы кітап жазамыз дейсің бе? – деп өзіме тіктеле қарағанда барып жанарынан жылы ұшыраған ұшқын байқап көңілім демделді. Қарсылық білдіріп, келіспей қалар ма екен деген қауіп бұлтты сөйіліп сала берді. Сауалына орай, бұл кітаптың мемлекеттік тапсырыс екенін, осы жылдың соңғы айларына дейін жарық көруі қажеттігін айтып өттім. Сөзімнің соңын, «Аға, қалай дегенмен де, Олимпиада чемпионы атанғаннан бергі жиырма алты жылдың ішінде сіз туралы әлі бір кітаптың жазылмағаны рас қой» – деп аяқтағанмын.

– Рас қой, рас, – деді жұлып алғандай. Сөйтті де сөзін үзбестен шалт қимылдап үстел тартпасынан жұқа, сарғыш мұқабасына өз суреті бейнеленген кітапты суырып алды. «Жақсылық –наследник Кажымукана» атты 1995 жылы жарық көрген, пышақ қырындай кітап. Авторы – П.Матушак. Әйгілі спортшының өзінен гөрі, жалпы спорт дерегі молырақ жазылған дүние екенін білуші едік.

– Міне, тек мынау ғана болмаса, – деп әлгі кітапты сығымдай ұстап отырды да, үстел

үстіне тастай салды. – Әйтеуір, жоқтан тәуір. Әйтпесе, бұл кітап тек баяндаудан ғана тұрады. Құлашы кең қаламгер болмаған соң, ол кісіде де кінә жоқ. Жазушы емес, спорт маманы, кәдімгі жаттықтырушы. Қайта осының өзіне рахмет айтуымыз керек. Қазақ жазса, кім қолынан қағыпты. Обалы нешік, кезінде мен туралы жазғысы келген жазушы-журналист қазақта аз емес еді. Өзімнің шамам келгенше сұрағандарының барлығын айтып шықтым, керек өткен дүниелерінің бәрін бердім. Қаншама уақытымды тек соларға арнадым. Бірінің қолында күнделіктерім, бірінің қолында суреттерім мен қажетті құжаттарым кетті. Соның бәрі жастық шағымның, ең бір бұла күндерімнің куәсіндей аса қымбат заттар еді. Бәрі де қайтарусыз кетті, жоғалды. Сол қаламгерлер бір мақала, етектей очерктен асырып ештеңе жаза қойған жоқ. Оның өзінде қоспасы көп, мен меңгермеген өнерді маған күштеп таңып, әсірелеп, қиялдап кеткен. Әрине, «Тұңғыш Олимпиада чемпионы атанған азаматты халқымызға ең жақсы қырынан көрсетейік» деген олардың қамқор ойын түсінуге болады. Бірақ, соншалықты асыра сілттеп кеткен жадағай дүниелерді оқығанда кейде өз басым қатты ұялып, қысыламын. Өмірде бастан кешпеген оқиғалардың ортасына салып, қырық құбылтып жаза беретіндеріне кейде таң қаламын. Жалпы өз басым шындықты, әділдікті бүтін жан дүниеммен қалап өскендіктен жасандылықты, жалғаншылдықты суқаным сүймейді. Мен кілемнен кеткелі жиырма екі жыл. Бұл аз уақыт емес. Спорттан мүлдем

шеттеп кетпесем де, кәдімгідей алыстадық. Көп нәрсе ұмытылды. Қазір менің қолымда сол жылдардан қалған ештеңе жоқ десем, сенесің бе? Сондықтан саған айтар әңгімем соншалықты көп болмайды. Сонда мына кітабыңды не жазып толтырмақсың, әлде бұрынғы ағаларың сияқты ойдан қосып ұра бересің бе? – деп Жақсылық аға күлімсіреген қалпы сынай қарады.

Қылаусыз шындықты айтқанына, шүбә келтірмедім. Керісінше көңіліндегі ойды сөзбұйдаға салмай, ақтара сөйлегеніне қуандым. Бірақ, тұщымды уәж айта алмадым. «Шындықты жазамыз, аға өтіріктің өрге баспайтынын білеміз ғой» деумен шектелдім. Сол сәтте Жақаңның күтіп отырған қызметтес кісілері келіп, әңгіmemіз еріксіз үзілген. Келер күнгі жүздесудің уақытын белгілеп, қоштасып, сыртқа шыққаннан бастап, алдағы жазылмақ туындының бұрынғы жобасын дереу өзгерту керектігін ұғындық. Жоспар бойынша ол деректі хикаят еді. Жобасын ойша межелеп те қойғандай едік. Енді оның қисыны қашып тұр. Жоғарыдағы Жақаңның әңгімесінен соң бұрынғы сүрлеуді тағы шиырлап кетуге дәтіміз қалай бармақ? Сонда не істемек керек? Ойымыз сан-саққа жүгіріп, толғана келе бір шешімге тоқтағандай болдық. Шындықтан алшақтамай, қиялға бой ұрмай жазудың жалғыз амалы – сұхбат қой. Иә, Жақсылық аға туралы кітап таза сұхбатқа құрылуы керек. Сыр пернесін баса білсек, Жақаңның спорт жайлы әңгімесі онсыз да шанағынан төгілгелі тұр. Боз кілемде күш атасы Қажымұқаннан кейін

әлемге қазақ даңқын аспандатқан дара тұлға туралы сұхбат, деректі хикаятпен салыстырғанда анағұрлым құнды. Әйгілі балуан біздің сауалға орай өзінің балалық шағы, спорттағы даңғыл жолы, жалпы ағұмырбаяны жайлы тек өзі айтады. Рас, Жақсылық Үшкемпіров күрестен тұңғыш Олимпиада чемпионы атанғалы аттай жиырма алты жыл уақыт өтіпті. Бұл дегеніңіз, жөргектегі сәбидің зіңгіттей жігіт жасына жетер уақыт қой. Оны айтамыз-ау, Жақаңның Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы атанған шақта туған кенжесі Жеңістен сүйген немересі Нұрсәттің өзі қазір атасының әңгімесін тыңдауға жарап қалған жоқ па?! «Көшкен елдей, аққан селдей зымыраған уақыт» дегеніңіз осы. Сондықтан мәнменсінген талай балуанның жауырынын боз кілемге жапсырған Жақаң сол керемет күндерді, жеңісті жылдардағы жарқын күндерді, спорттан соңғы кездегі бастан өткерген бұралаңы мен бұлтағы, қуанышы мен қиындығы қатар өрілген күндерді өзі айтса ғана жарасымды болмақ. Ары десе, Үшкемпіров туралы Үшкемпіровтің өзіндей келістіріп әңгімелеу қайда?!

Жақаңның өзі айтқандай, әйгілі балуан хақында күні бүгінге дейін аз дүние жазылған жоқ. Әр жылдардағы сарғайған түрлі басылым беттерінде, жинақ кітаптар бауырында Ж.Үшкемпіров жайлы небір әдемі очерк, сұхбат пен мақалалар тұнып жатыр. Қажетті дерек ретінде көпшілігін құмарта оқып та шықтық. Жақаң туралы болған соң шығар, барлығы да қызықты, бәрі тартымды. Әсіресе, Жақаңның балалық шағы... Бала

Жақсылық футболды алдына жан салмай ойнаған, әкесінің бәйге торысын аламанға қосып, шабандоз атанған, өзі құралпы балаларды күресе кеткенде сыпыра жеңіп, ауыл қарияларының жүлдеге тіккен қозысын ұтып алған. Ал, енді Жақаңның боз кілемдегі белдесулері жайлы жазылған көлемді дүниелер қаншама десеңізші...

...Келер күн қасиетті жұма еді. Жұма намазындағы құлшылық ғибадатымыз соңында, «Біз үшін жақсылық деп тапқан тірліктегі барша ісімізге бір Аллаһтың жар болуын» тіледік. Алабұртқан көңіл едәуір орныққандай еді. Орталық мешіттен шыға Қапшағайға бастар күре жолдың бойындағы Жақсылық ағама қарай құстай ұштым. Айтар сөзімді іштей жұптап келемін. Неге екені белгісіз, көңілде нық сенім бар.

Дес бергенде, Жақсылық аға кеңсесінде жалғыз екен. Көңілі жадыраңқы. Есіктен кірген мені: – Ә, Төлеген батыр жеттің бе? Дәл қыз Жібекке асыққандай дүбірлетіп келесің ғой. Өзімнен басқа жан жоқ мұнда. Әй, дегенмен, мен туралы кітап жазам деп құлшынып жүрген сенде де батырлық жоқ емес-ау, – деп әзілдей күліп қарсы алды. Жеделдетіп хатшы қызға шай алдыртты. Шай үстінде болашақ кітап жайындағы ойымды жеткізгем. Балуан аға дереу «болсын» деп кесіп айтты. Айтуын айтты да, қою шайды жүдемелдетте ішіп, үнсіз едәуір отырды. Тынымсыз шырылдап қоймаған телефон тұтқасын көтеріп, әлдекімге алдағы бір жұмысқа шұғыл кірісуді тапсырды. Содан соң: – Сұхбат дейсің бе? – деп менің сөзімді енді естігендей ежірейе қарап алып, ойлана сөйледі.

– Анда-санда журналистер мен туралы газеттің бір бет мақаласын жазу үшін кемі бір апта уақытымды алушы еді. Менің соншалық шебер әңгімешіл емес екенімді, әрі өзім жайлы мақтанып айта алмайтынымды ел жақсы біледі. Сонда тұтас кітапқа жетерлік әңгіме қайдан шығады? Қолдағы бар дүниелердің әркімнің қолында кеткенін өткенде айттым. Бұл сылтау емес. Басталмас бұрын шаруаның басын ашып алайық деген ойым. Кітап жүгінің жеңіл еместігін сезем. Жүгі ауыр деп одан қашып отырған да жайым жоқ. Қайта мен сендердің тарих үшін қажетті, келешек жастардың кәдесіне жарарлық үлкен іске бел буғандарыңа қуанып отырмын. Бірақ, байқап қарасам, соның бар салмағының маған түсетін түрі бар ғой. Рас, біздің бастан не өтпеді? Қиындықты да, құйтұрқылықты да, қолдан қасақана жасалған кедергілерді де сан көрдік. Спорттағы жол ауыр болды. Соған біз көндік, төздік. Ол туралы бұған дейін талай мәрте айттып келдік. Газет-журналдар сан рет жазды. Енді соның бәрі бірдей есте қалды дейсің бе, көпшілігі ұмытылды ғой. Сұхбат дегенде, егер сенің маған қояр сауалдарың сол ұмытылған сәттерді ойға оралтарлық болса, еске түсіретін болса, тәуекел, сұхбаттасып көрелік. Айту басқа, жазу бір басқа. Жазылуына жауапты өзің. Мен айтты екен деп аузымнан шыққан сөздің бәрін жариялай бермейтін шығарсың – деді, Жақаң өзіне жарасымды күлкісімен сөзін аяқтап.

Күткеніміз осы сөз ғой, енді несіне тартынайық. Ағамызға көп салмақ түсірмеуге тыры-

сатынымызды айттық. Тасқа басылғаннан оқығанымыз бар, естігеніміз бар, қолымызға қыруар деректің жиналып қалғанын, бұйыртса сұхбаттың дені осы деректер төңірегінде өрбитінін санамалап, бүкпесіз жеткізе бастағанбыз. Тіпті, жүдемелдетіп жібердік-ау, деймін. Бұл жолы «Болсын, келістік қой» дегенді ағамыз қатқылдау үнмен айтты. «Түсіндік, сөзді соза берме» дейді бұл үн. Сөйтіп, сөзді созбадық... Бұл сұхбат осылай басталған өді.

